

БЕРДАҚ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҚАЛПАҚ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТИ

ӨЗБЕК ФИЛОЛОГИЯСЫ ФАКУЛЬТЕТИ

ФИЛОЛОГИЯ (ҚАЗАҚ ТІЛІ, ТҮРКМЕН ТІЛІ) КАФЕДРАСЫ

РЕФЕРАТ ЖҰМЫСЫ

Қазіргі қазақ әдеби тілі. Лексикология пәні бойынша

**Тақырыбы: «Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің
қолданылу тәсілдері»**

Орындаған: _____ Қ.Абдижамилова

Қабылдаған: _____ Г.Адилова

Нөкіс – 2016 ж.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің қолданылу тәсілдері

Жоспары:

Кіріспе

Негізгі бөлім

- 1. Фразеологизмдердің қаз қалпында синоним ретінде жұмсалуды.**
- 2. Фразеологизмдердің жаңғыртылып қолданылуы**
- 3. Жазушының өз қаламынан шыққан туынды фразеологиясы**

Қорытынды

Кіріспе

Фразеологизмдер сөзді жандандырып, тілімізге өткірлік сипат, ұлттық ажар беретін стильдік мәні айрықша құрал болып саналады. Тұрақты сөз тіркестері аз сөзбен көп мағынаны білдіреді, тілдің стильдік сапасын арттырады. Қазақ тілінде фразеологизмдерді қолданудың екі түрлі тәсілі бар.

1. Фразеологизмдердің жалпы халықтық формада қолданылуы.

2. Фразеологизмдердің өзгертіліп, авторлық өңдеумен қолданылуы

Фразеологизмдерді жалпы халықтық формада қолдану-жалпыға танылған белгілі тәсіл. Мұнда айтылып не жазылып жеткізетілетін ойға көркемдік сипат беру мақсаты көзделеді.

Біз реферат жұмысымызда қазақ тіліндегі фразеологизмдердің қолданылу тәсілдерін қазақ халқының ұлы жазушыларының бірі Ғ.Мұстафин шығармалары арқылы талдауды мақсат етіп алдық.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің бай да, алуан түрлі құрамдарын Ғ.Мұстафин өзіндік стиль құрау мақсатына орайластыра отырып, түрлі амал-тәсілмен жұмсайды.

Суреткер халық тілінің фразеологиялық тіркестерімен келетін образды сөз байлығын өз елегінен өткізіп, көркем шығармада шеберлікпен пайдаланудың үлгісін көрстеді.

Автор халық тілінің фразеологиялық қазынасын кейде өз қалпында синоним ретінде қолданады, кейде жаңғыртып, жаңалап пайдаланады, кейде сол үлгімен жаңа тіркесте құрайды.

Автор халық тілін тұрақты тіркес құрамынан ең қажеттісін тандай отырып, мүмкіншілігіне қарай оларды түрлендіреді, өзінің мазмұндап отырған оқиғасына байланысты фразеологизмнің стильдік бояуын ажарлайды да, атқаратын қызметін күрделендіре түседі, бірақ тіл заңдылығын ешуақытта ұмытпайды.

Негізгі бөлім

Ғ.Мұстафин шығармаларындағы фразеологизмдердің қолданылу амалы мен тәсілін қарастырғанымызда, жазушы жалпы халық тілінің фразеологиясын творчестволық түрде пайдаланғанын байқадық. Енді сол қолданылу тәсіліне тоқтасақ, олар төмендегідей болып келеді.

1.Фразеологизмдердің қаз қалпында синоним ретінде жұмсалуды.

Тілде синонимдер жеке сөз де, фразеологиялық тіркес те болып келеді. Фразеологиялық тіркес болып келетін синонимдер жеке сөзден болған синонимге мағына жағынан байланысты. Олармен синонимдік қатар жасайды. Бірақ фразеологиялық синонимдер бұл синонимдік қатардың тірек элементі бола алмайды. Синонимдік қатарға тірек элемент болатын дара сөздер ғана. Өйткені жеке жай сөз затты, құбылысты, қимылды тура атайды. Ал оларға синоним болатын фразеологиялық тіркестер болса, олар бір бүтін фразеологиялық бірлік бола тұрса да, заттың, құбылыстың, қимылдың тура атауы емес, жанама атауы. Фразеологиялық тіркестің бұндай мағынасын акад. В.В.Виноградов экспрессивті синоним дейді. Фразеологиялық синонимдер бейтарап сөздерден өзінің эмоциялы-экспрессивті бояуымен ерекшеленеді. Бұлар бейтарап сөздің эквиваленті ретінде стильдік мақсатта жұмсалады. Фразеологизмдерді экспрессивті мәнінің күштілігіне қарай ақын-жазушы өз шығармаларында түрлі стилистикалық реңктерді беру үшін қолданады. Алайда фразеологиялық синонимдердің тек ғана экспрессивті-эмоциялы ерекшелігіне ғана көңіл бөлу дұрыс болмас еді. Бұлар мағынасы жағынан да жеке сөздердің түп-тура эквиваленті бола алмайды. Олар бейтарап сөз арқылы берілген жалпы мағынаның қосымша реңін айқындайды. Мысалы, тіл күрмелу деген фразеологизм үндемеу мағынасы емес, адамның айтайын деген ойды аяқтай алмай, біден тоқтап қалу қалпын білдіреді.

Әрине, ауызекі сөйлеу тіліндегі фразеологиялық синонимдерді жазушының өз шығармасында жұмсауы оның мағыналық жағынан ұтымдылығы емес, өйткені олардың толық мағынасын жай сөзбен де

жеткізуге болады. Суреткердің мұндағы көңіл аударатыны-олардың экспрессивтік-эмоциялық мәні. Жазушы бұл тілдік құралды пайдалана отырып, суреттеп отырған оқиғаға, іс-әрекетке немесе затқа өзінің көзқарасын, қатынасын да білдіреді. Екінші сөзбен айтқандай, жек көру, келемеждеу, күлкі-ажуа ету сияқты қатынасты көрсетеді.

Фразеологиялық синонимдер өзінің барлық бояу өрнегімен көркем шығармада ғана түрленіп көрінеді. Синонимдердің стильдік сипаты әр жазушының сөз қиюластыру тәсіліне орай түрліше болады. Үйреніп отырған шығармаларымыздағы фразеологиялық синонимдердің көрінісі төмендегідей:

Ғ.Мұстафин үндемеу деген ұғымды фразеологизмнің он үш синонимдік қатарымен береді. Нұрғалидың аузына құм құйылды... Көз шырымын алмай істегенде де, қыңқ еткен емес. Ар жағын айтуға аузы бармайды. Малқор жым болды. Сыбысты естісе де, тісінен шығармай әуре. Жақып зығырданы қайнаса да, аузын баға қалған. Злиқа жұмған аузын ашқан жоқ. Үй ішінде де тіл қатпады. Тілін күрмеді білем... Бір-бірінің жүзін жыртпаған әдет тілді күрмеп тастады. Ерқұнындай іске ләм деспей сеністі. Мәмбеттің үні өшті. Қайлашылар жақ ашпады. Тілі тас байланған. Осы келтірілген мысалдардағы асты сызылған фразеологиялық тіркестер үндемеу сөзіне синонимдік қатар бола тұрып, бұлар өз ара да синонимдес. Бірақ бұларды осы контексте бірінің орнына бірін алмастыруға тағы келмейді, өйткені әрқайсысы суреттеліп отырған құбылысқа байланысты өз орнында жұмсалып іс, оқиғаның не бір нәзік рендерін айқындап тұр.

Талдап отырған шығармаларымызда фразеологиялық бірліктер жеке сөздерге синоним ретінде жұмсалудан қатар, өз ара синонимдес болып та қолданылады.

Жазушы шығармасында өз ара синонимдес фразеологизмдер де, фразеологиялық варианттар да кездеседі. Синонимдес фразеологизмдер деп мағына жағынан бірімен-бірі жуықтас болып келетін тұрақты тіркестерді айтамыз. Соны сезсе де, әлі ештеңеден беті қайтпаған Мейрам пікірін дұрыс айтты. Тауы шағылмаған немее түк білмейді (Қ.).

Фразеологиялық варианттардың барлығының да тірек компоненті өзгеріссіз қалады да, басқа компоненттері ауысып келіп отырады. Бұл фразеологиялық тіркестердің лексикалық варианты делінеді. Мысалы: көз салды, көз жіберді, көз қиығын тастады т.б.

Әрине, жеке сөз болсын, тұрақты тіркес болсын контексте ғана жанданады, түрленеді. Ендеше фразеологизмдер де контексте, басқа сөз қоршауына түскенде, өз мәнінің барлық бояуымен құлпырып түрленеді, сөйтіп, стильдік бояуы айқындала түседі.

Фразеологиялық синонимдер мағына жағынан бір-біріне жуықтас және стильдік қызметі жөнінен бір тектес не әр түрлі болып кездесіп, берілген ұғымның жаңа белгісін, жаңа реңін жан-жақты айқындап аша түседі. Бұл тәріздес фразеологизмдердің негізінде түрлі образдар жатады (аузы күйген, жүні жығылған, тауы шағылған). Мысалы: Жомартқа қатты айтуға аузы бір күйген (М). Жүні жығылған жақ қатып көтеріле алмады. Маңдайына тас тие- тие тауы шағылды ма? (Д.К.)

Кейде жазушы баяндалып отырған құбылыс, затты, іс-қимылды жан-жақты бейнелеп көрсету үшін, өз ара синонимдес келетін жай сөз бен фразеологиялық тіркесті қосарлап та жұмсайды. Мысалы: Құйма құлақ, зерек жігіт. Кесіп алсаң қан шықпас кескір адам сөйлей алмай жылап тұр. Үріп ауызға салғандай сүйкімді. Әзір тіс қақпаған аңқау жас қайда білсін (Д.К.). Келтірілген сөйлемдегі қарамен берілген фразеологиялық тіркестер өздерінен кейінгі синонимдес сын есімді сөзді айқындай түсіп, яғни екеуі жарыса келіп, заттың қасиетін жан-жақты сипаттап көрсетіп тұр.

Сондай-ақ өзара синонимдес фразеологиялық тіркестер де қатарласа келіп, баяндалып отырған зат, іс, оқиғаны жан-жақты анықтап, қасиетін күшейтпелі түрде суреттейді. Көпті көрген қу мүйіз сияқты. Ата-мекенін, бірге өсіп біте қайнасқан елін тастап кетуі-ырық бермегені ғой (Ш).

Алынып отырған шығармаларымызда эвфемизмдік тіркестер де аз емес. Өйткені синонимдік қатарларды құрастырушы сыңарлардың бірі- эвфемизм. Эвфемизмнің тілде затты, құбылысты, іс-қимылды сыпайылап ауыстырып

айтудан туғаны мәлім. Сондықтан да жазушы шығармасында бұндай тілдік амал түрлі оқиғаны, құбылысты, әрекет-қимылды сыпайы мәнде суреттеп беруге пайдаланылады. Мысалы: Ала жібін аттама, суын сүт қыл! Шәкенмен түс шайысу одан да қиынырақ (Д.К) Келгенде ауданның бетке шығарлары... Мен ертеңгі құйрықтан бүгінгі өкпені артық көрем (Ш).

Сонымен, халық тілгі құйрықтан бүгінгі өкпені артық көрем (Ш).

Сонымен, халық тіліндегі көріктеу амалының бірі- синонимді суреткер шығармаларында орынды қолдану нәтижесінде, беріліп отырған ойға көрік, тілге ажар беріп, оның экспрессивті-эмоциялық бояуын айшықтай түсіп, стилін көріктеуге шебер пайдаланып отырғанын байқаймыз.

2.Фразеологизмдердің жаңғыртылып қолданылуы

Жазушы фразеологизмдерді халық тіліндегі қалпында қолданумен бірге, оларды әр түрлі мәнге келтіріп өңдейді, сөйтіп жаңа мазмұн береді. Бұл суреттеліп отырған оқиға мен мерзімге де байланысты болады.

1. Ғ. Мұстафин халық тіліндегі фразеологиялық тіркестердің кейбірінің мағынасын суреттеп отырған оқиға, өмір құбылысы жағдайына лайықтап, жаңартып жұмсайды, демек, семантикасын өзгертеді. Мысалы: Жақсы қаулы-жарым іс (Қ) тіркесі халық мақалы. «Жақсы лебіз-жарым ырыс» лгісімен беріліп, жаңа өмірдің іс –әрекетіне байланысты жаңғыртылған.

2. Тарылғанда дүниенің кеңдігінен не пайда (Қ.) тіркесі ауызекі сөйлеу тіліндегі «Етігің тар болса, дүниенің кеңдігінен не пайда» мақалының мағынасы кеңейіп, жаң мазмұнға ие болып тұр.

3. Көзімді алса да көңілімді алмады (М) тіркесі халық тіліндегі «Малымды алсаң да, пейілімді алма» тәрізді мақал үлгісімен жасалып, жаңа мағынаға ие болған.

4.Обалы не, қара бұқараның табанына қадалған тікен маңдайыма қадал,- деп отырды (Ш.) секілді тұрақты тіркестің мағынасы халықтың сөйлеу тіліндегісінен кеңейіп, жаңғырып, саяси мәнге ие болған.

5. Олай болса, жер апшысын қуырып алайық,-деп Шығанақ тұра шапты (Ш) секілді фразеологиялық тұтастық тек адам арасындағы қатынасты суреттеуге қолданылып келсе, келтірілген сөйлемде ауыспалы мағынада жер сөзімен тіркесіп, мағынасы кеңейіп, дүлей табиғатты бағындыру мағынасында келіп тұр.

6. Жазушы кейде ауызекі сөйлеу тіліндегі тұрақты тіркестің кейбір тым қарапайым, не дәрек мағыналы компонентін сыпайы сөзбен ауыстырып, дағдылы қалпын бұзбай жұмсайды. Мысалы: Ол ақылыңызбен өзіңіз-ақ күнелтіңіз (Д.К). Ал орнына бияз ексін енді (Ш).. Беріп көрмген, болып көрмеген бейшаралар болмашыны боталы түйе қылады (М) Осы сөйлемдерде алмастырылған жаңа компоненттер тіркесті ажарлап тұр. Бұл тіркестер халық тілінде өз ақылыңмен өзің бай бол, орныма егін ек т.б. түрінде келеді.

7. Ғ.Мұстафин кейбір фразеологиялық тіркестің бір компонентін жаңартып жұмсау арқылы фразеологизмнің мағынасын жаңартады. Мысалы: Тоқта!-деген даусы мірдің оғынан кем емес. Жаңа қуаныш кернеп, жайраңдаған Алманың көңілі сұр бұлт көшкендей сапырылып кетті. Осындағы қарамен берілген фразеологизмдерді халық тіліндегі тілі мірдің оғындай, ашу кернеу сықылды тіркестермен салыстырғанда, Мұстафиннің қолданылуында дағдылы орны, композициясы қалпында қалып тұрғанмен фразеологизмнің мағынасы жаңарған.

8. Жазушы фразеологиялық тіркестердің бір компонентінің орнын синонимдес сөзбен ауыстырып та жұмсайды. Мысалы: Осындай да бәрі бір ауыз болып сақтан-саққа секіртеді. Алманың құлағына еніп те шықпайды. Жастар жағы бой бағып қалыпты. Сұрап бергенше, ұрып бер. Бар болсаң көре алмайды, жоқ болсаң асырай алмайды. Сенген қойым сен болсаң күйсегенің құрысын. Буынсыз жерге пышақ қоймаңдар. Келтірілген сөйлемдердегі фразеологиялық тіркестер жүгірту, кіру, түзеу, ұру, беру, салу етістіктерінің орнын басып, фразеологизмдердің эмоциялық бояуын айқындай түскен.

9.Ғ.Мұстафин кейде орынды жерінде фразеологиялық тіркестердің компоненттерінің арасына басқа сөз кірістіріп, оның стилистикалық қызметін

күшейтеді, экспрессивтік бояуын бұрынғысынан әсерлей түседі. Мысалы:

- 1) Кәмешке де Олжабектің іші енді бұрынғыдай бұра бастады деген сөйлемдегі іш бұру компоненттерінің жігі айырып, арасына енді бұрынғыдай деген екі сөз тізбектеліп енген. Дәл осы сөйлемдегі фразеологизмнің ұлағайған түрі оның алғашқы мәнін пысықтап аша түсіп тұр.
- 2) Көріну үшін көз бір нәрсеге жету керек. Осы мысалдағы бір нәрсеге деген екі сөз көз жету фразеологизмінің арасына еніп, баяндалып отырған істі толықтырып тұр.
- 3) Жомарттың көңілі сонда да көншімеді. Халық тілінде көңілі көншу түрінде айтылса, мұнда фразеологизмнің жігі ашып, сонда да тұрақты тіркесінің алғашқы мәніне қосымшаланып, стильдік мәнін аша түскен.
- 4) Амантайдың бір басқан жеріне бір айға дейін шөп шықпайтын (Ш) Бұндағы басқан жеріне шөп шықпайды қалпында кездесетін фразеологизм жазушы қаламынан шыққанда компоненттерінің арасына сөз салынып, мағынасы кеңейтіліп жұмсалған.
- 5) Саптыаяққа маған ас құяды да, сабынан олар қарауыл қарайды (Д.К.) Осындағы маған, олар сөздері сөйлемдегі айтылып тұрған негізгі ойдың иесін айқындап атап көрсетіп отыр.
- 5) Көзі әлі ішіп-жеп барады (М). Осы сөйлемдегі фразеологизм компоненттерінің арасына түскен әлі деген бөгде сөз іс-әрекеттің мерзімін көрсетіп пысықтай түскен.
- 6) Козловтың терісі жаңа ғана кеңіді (Қ.) деген сөйлемдегі терісі кеңіді фразеологизмінің арасында жаңа ғана деген сөз тізбегі іс-оқиғаның болған шағын әйгілеп фразеологиялық тіркестің экспрессивті бояуын әрлендірген.
- 7) Сонысына қарай бетінен де қайтпайтын мінезі бар (Ш) Келтірілген мысалдағы бетінен қайтпау фразеологиялық тіркестің арасына де шылауы түсіп, оның мәніне қосымша күшейтпелі мән беріп тұр.
- 8) Өзі болған жаман қыз ғана төркінін танымайды (Д.К) МүӨзі болған жаман қыз ғана төркінін танымайды (Д.К) Мұда мақал компоненттерінің арасына ғана шылауы еніп, мақалдағы объектінің әрекетіне баса көңіл аударылған.

10. Ғ.Мұстафин фразеологизмге екінші сыңар қосып, оның стилистикалық мәнін толықтыра түседі. Бәрі де өз көзінше жасалып, өз басшылығымен енген дүниенің **түймедейі түйедей, көнесі жаңадай** көрінеді

оған. Сөйлемдегі қарамен терілген көнесі жаңадай тіркесі түймедейі түйедей деген тіркеске жалғаса келіп, алдыңғы фразеологизммен берілген ойды толықтыра түседі.

Ғ.Мұстафин көбінесе халық тіліндегі мақал мен мәтелдің мағынасына жалғастыра өз ой түйдегін тұжырымдап, тізіп, мақал мен мәтел тәріздес қанатты сөз тізбегін де жасайды. Мысалы: Қалауын тапса, қар жанады.Бабын тапса, құм жанады (М.) Түлкіде алпыс екі, адамда алпыс үш айла бар. Соның бірі ғана күшке келеді. Өзгенің бәрін айламен алады (Ш.) Бұл дүние есеп. Есепсіз-есек (М) Бұл мәтел де халық тіліндегі «Есеп білмеген есек» деген түрінен жаңғыртылып, жаңа ұғымға сәйкестендіріліп ұрылған.Қолқа салма, ақыл сал (М) Халық тілінде қолқа салу, аыл салу тіркесі өз алдына жеке-дара кездеседі. Ал мына келтірілген тіркес-Ғабиден Мұстафин қаламынан шыққан, мағына жағынан нақыл сөз үлгісімен келген өрнек.

Сақтық қорлық емес, соқыр батылдық емес ерлік емес (Қ) деген мақал халық тіліндегі «Сақтықта қорлық жоқ» мәтелінің үлгісі жаңғыртылып, толықтырылып жаңаша қанатты сөз тіркесі жасалған.

Ақылмен мыңды, ақырумен бірді ғана көндіресің (Ш) Бұл қанатты сөз тіркесі де халық тіліндегі «Ақылмен мыңды, білекпен бірді жығасың» үлгісімен мағынасын жазушы өз қалауынша жаңғыртып, жаңа өмір әрекетіне лайықтаған.

Жазушы халық тіліндегі тұрақы тіркестің бір компонентін тіркестің мағынасына нұқсан келмейтіндей етіп қысқартып та жұмсайды. Суреткердің бұндағы мақсаты- ойды ықшамды, тұжырымды етіп беру. Жастың жаны бір... Сенің пландарың менің миыма өзім жасағандай қона кетті (М) Бұл сөйлемдегі жастың жаны бір фразеологизмі «Жас-жастың жаны бір, Жібектің түйіні бір» деген мәтелден қысқартылып алынып, негізгі ой түйдегінің желісі ғана берілген.

Осы заманда құбалық бар ма, тәйірі.Тал қармағаның ғой,-деп Жамал күбір ете түсті (Ш). Мысалдағы тал қармағаның тіркесі «Суға кеткен тал

кармайды» фразеологизмінен бөлініп алынған. Осы сөйлемдегі ойды тұжырымдап, қысқа баяндап тұр.

Ана көрген тон пішеді... Жиен шіркін ел бола ма? Мейрамға бұйырған кетпес деп отырса, енді «кететікететідей» көріп манометр стрелкасына мазасыз қарайды (Қ.) Бұл келтірілген мақал мен мәтелдің бір-бір сыңарласы контексте баяндалып отырған оқиға желісіне байланысты алынған. Тілдегі қалыптасқан күйінде бұлар «Ата көрген оқ жонады, анна көрген тон пішеді. Жиен ел бола ма, желке ас бола ма. Бұйырған кетпес, жүгірген жетпес» секілді болып кездеседі. Жазушының осылай бір сыңарын өзінің масатты ойына лайықтап жұмсау тұрақты тіркестің жалпы экспрессивті мәні солғын шығарып тұрған жоқ, қайта ойды қысқа, тұжырымды баяндап тұр.

Халық тілінің қазынасын өз елегінен өткізіп, сынын бұзбай нақыштап жұмсау амалы көбіне «Дауылдан кейін» романында жиі байқалады. Бұған төмендегі мысалдар дәлел:... Мырза бұлдеге орап, бетіне қарап отыр. Бұл сөйлемде үлде мен бұлдеге бөлеу дегенде бір компоненті түсіріліп алынған. Бірақ дәл осы келте күйінде басқа сөздердің қоршауында тұрса да, өз бояуының әрін әлсіретпеген.

Көн тартса - қалыбына деген ғой. Осы сөйлемдегі барады сөзі түсіріліп айтылғанмен, тиянақты ойдың ойсырағаны сезілмейді, өйткені негізгі айтыайын деген мағына қалыбы сөзімен берілген, ал түсірілген мүшені тіркестің ой желісінен ұғуға болады.

Сабыр түбі сары алтын, сарғая жетерсің мұратқа. Жазушы халық тіліндегі «Сабыр түбі сары алтын, сарғайған жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа» деген тұрақты тіркестің бірінші сыңарын қаз қалпында пайдаланған, екіншісінің грамматикалық формасын құбылтып, нақты сөйлем етіп, ойды айқындай түскен, ал үшінші сыңары түсірілген.

Зәрем зәр түбі зәр түбінде түріндегі фразеологиялық тұтастықтың түсірілген компонентін түбінде сөзі жатыс септігінде келіп, баяндауыш қызметін атқарып тұр, Аяқталған ойды осы үлгіде білдіретін сөйлемдер жиі кездеседі. Мысалы: Жылы сөйлесе, жылан да іннен шығады. Туған елді, кіндік

кескен жерді қимаймын т.б. Алынған тұрақты тіркестердің бір не одан да көп компоненттері қысқартылып жұмсалған да, сөйлем ықшамдалған.

Жазушы осылайша фразеологизмдерді жаңғыртып, өндеп құбылтып қолдану арқылы олардың контекстегі мәнерлегіш көркемдік қасиетін арттыра түседі. Олардың мағынасын өзгертеді, толықтырады, экспрессивті екінін, эмоциялық әсерін күшейте түседі. Сөйтіп, тілдік материалды творчестволық тұрғыда қолдану әдіс-тәсілі автордың өзіндік қалам тартысының даралық өрнектерінің көрінісін байқатады.

Сөйтіп тілдік материалды творчестволық тұрғыда қолдану әдіс-тәсілі автордың өзіндік қалам тартысының даралық өрнектерінің бір көрінісін байқатады.

3. Жазушының өз қаламынан шыққан туынды фразеологиясы

Жалпы халық тіліндегі фразеологиялық байлықты түбегейлі игеру, оларды қолданудағы амал, тәсілдің өзінше жолын табу, тұрақты тіркестердің кейбір компоненттерін басқа сөзбен алмастыру арқылы жаңғырту, мағынасын жаңарту тәріздінің бәрі - фразеологияны творчестволық жолмен пайдалану әдісі болады.

Жазушының фразеологияны творчестволық жолмен пайдалану әдісін ашып көрсету аса қажет. Өйткені Ғ.Мұстафиннің бұның мағынасын дамытуда атқаратын ролі ерекше.

Халық даналығының бай қазынасын, айшықты, образды сөзін бай қазынасын, айшықты, образды сөзін, шын мәнінде жоғары бағалайтын жазушы өз баяндауында да, қаһармандарының сөзінде де халық тілінің мақамәтеліне, образды сөз үлгісіне қарай құрады.

Ғ.Мұстафиннің жай тізбектелген сөйлемшелерінің өзі-ақ халық даналығының үлгісіне ұқсайды, афоризм тәрізді шығады. Мысалы: Көп ауыз біріксе, бір ауыз жоқ. (Ш). Ұят ардың бетін ашса, ар жағында не қалды. Көкте жүзген қыран құйылып түсіп, сайыспай зауқы басылмас. Жорғалаған соқыр қоян қарақұстан да құтылмас. Дауыл күші жуан теректі де құлатады. Көп ауқымы болат ойды да босатады (М).

Ғ.Мұстафин осындай афоризм тәрізді жаңа тіркестер жасаумен бірге, фольклор стиліндегі әсірелеу тәсілімен ұйқасты сөйлемшелер де құрады. Ал әсірелеу тәсілі болса, өмір құбылысының кейбір жақтарын өте үлкейтіп, асыра суреттеу арқылы адамның сана-сезіміне бірден әсер ету үшін жұмсалатын мәлім. Жазушы шығармаларындағы әсірелеумен келген тіркестерге келсек, олар мынадай: Қара түндей ой болса, құлан иек таң болайын... Күн қабағы жабылса, жер қысылады, сенің қабағың жабылса, мен қысылам. Сенің терең көзіңнен, терең теңіз тайыздау. Сенің асқақ ойыңнан асқар тау да аласа. Алытн сабыр мыс болмай, берілме, Жанат, берілме. (М).

Ғ.Мұстафиннің бірсыпыра соны тіркестері мағынасы құрылысы, көркемдігі жағынан халық тіліндегі ежелден келе жатқан даналық ой түйдегінен бір де кем түспейді. Бұл-суреткердің қаламынан сәтті шыққан тіркестер.

«Ақыл сөздер-халықтың кейінгілерге қалдырған өсиет-ақылы, өмір тіршіліктеріне жетекші басшылық. Сондықтан оның мағынасы ашық, ұтуға жеңіл, көпшіліктің бәріне түсінікті, аз сөзге көп мағына сыйғызып, көркемдеп айтылған үгіт-насихат» Айталық, халық тілінде: Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен. Жарлы болсаң да, арлы бол сықылды болып келеді. Ғ.Мұстафиннің де ақыл сөздері композициясы жағынан халық тіліндегі тәріздес. Олар жаттауға жеңіл, көкейге тез қонады. Өйткені сөйлемдегі негізгі ойға қазық болатын бір мүшенің айналасында сығымдалып алынған түйінді сөз ғана тізіледі де, көрікті ой, көркем түр алады. Ғ.Мұстафин халық тілінің бұл заңын аса мұқият ескерген. Бұған жазушының қаламынан шыққан мына тіркестер айғақ. Мінін көріп безгенше, мінін алып түзе. Иықтай бермей, қолтықтау да керек. Ел мақтаса да, есірмеу керек (М).

Ғ.Мұстафин де афоризмдік тіркес құруда халық ауыз әдебиеті мен Абайдан үлгі алған. Оның афоризмдік сөз тіркестері тұжырымды ойға, терең логикаға құрылған. Мысалы: Көрнекті іс көмілмейді. Қатты қайың қызғанда шып-шып май шығады. Қатал дене қысылса, шыпши-шыпши тер шығады. Қызыл темір суға малса, шыжылдар да шынығар. Қызба жүрек суық сөзден

дір етер де суынар. Дұрыс қаулы бұзылмас, шын бірлік ірімес. Шыдамдылық –еріктің күші. Көз көреді, көңіл елестетеді. Жылы сөз-жан азығы. Шындық шырағы дауыл соқса да өшпейді. Қараңғы көңіл жарық күнде да адастырады. («Д.К.») Жаңалықты танудың өзі- жаңарғанның белгісі. Нөсер алдында нажағай ойнайды. Көп алдында көсем пікір жүреді. Жақсы тәртіп әдетке айналса-қырсық. («М») Сұлулық алдымен іште, істе. Ақыл ойдан артық емес («Ш») Көп аузынан құйындап ұйтқып қауесет те еседі, нөсерлетіп шындық та еседі. («М»). Пікірлер соқтығысынан шындық туады. Үйрену-үйретудің тетігі («Қ») т.б.

Суреткердің бұл сияқты көркем жаңа сөз түйдектері тек жазушының өзіндік стиль аясында ғана қалып қоймайды. Терең мазмұнды, образдылығы жағынан халық тіліндегі мақал-мәтел, қанатты сөз тіркестерінің кем түспейтін нақышты тіркестердің көпшілігі оқулықтарда, көмекші құралдарда күнделікті баспа сөз беттерінде кеңінен пайдаланылып жүр. Бұл факті –сол айшықты тіркестердің қолданыла-қолданыла келіп, тұрақты сөз тіркестерінің қорына қосылатындығына ешбір күмән жоқ. Ендеше бұл афоризмдік тіркестер жазушының жалпы халық тілінің фразеологиясын байытуда, демек, әдеби тілдің образды тобын молайтуда қосқан үлкен үлесі.

Жазушының кейбір афоризмдік тіркестері философиялық ой қорытындысын береді. Мысалы: Кеме қанша үлкен болса да, теңіз көтереді, теңіз қанша үлкен болса да, түймедей темірді көтермейді. Өмір егер ащыны бермесе, тәттіні білер ме едік. Тәттіні бермесе, ащыны білер ме едік? («М») Тән көмілсе-тәңір ісі. Ой көмілсе-адам ісі («Ш») Жылай келген дүниеден күңірене бір күн кетерміз («Д.К.») Адам-бүтін, екіге жарылса-өледі. («М») Қашқанның бәрі де бейнеттен құтыла бермейді. Қуғанның бәрі рақатқа жете бермейді. Сана бір тау-самолет басынан аса алмайды, зеңбірек бұза алмайды. («Қ») т.б.

а) Жазушының өзіндік стиліне ғана жататын мына сияқты түйдек тізбектерді атауға болады. Көңіл патшасы-социалистік сана болу керек. Шабан атқа қамшы, шабан ойға шапшаң қимыл. («М») Техника түпсіз терең,

шексіз биік, жеттім десең, болдырғаның... («Қ») тіркестері-суреткердің жаңа өмір саласының кейбір құбылысына жасалған тұжырымдары.

Бұлардан басқа Ғ.Мұстафин шығармаларында канатты сөздерге ұқсас келетін тізбектер кездеседі. Мысалы: Жасарын жасап болғандар артына көбірек қарайды. Жасап болмағандар алдына көбірек қарайды. Оңай әркімнің қолынан келеді. Бәрінен қиынды жеңу қызық. Әке балаға өлшеу бола бермейді. («Қ») Ел көздегіні ғана емес, көңілдегіні де біледі («М») Үлкен адам үлкен істе көрінеді. Нағыз байлық баста болады, нағыз кедейлік те баста.... Түпсіз терең жүректе жарқыраған шындық бар. Уылжыған жастықта үлбіреген ұят бар. («М.») Бұл келтірілген мысалдардан біз жазушы шығармаларының негізгі тіл арқауы афоризмдік үлгімен құрылғанын аңғарамыз.

Өнеге-өсиет мазмұнда болып келетін қарапайым сөз тіркестері де мақал мен мәтел тәрізді сезіліп, тілге жеңіл, ойға қонымды болып келеді.

Автордың өз баяндауында да, кейіпкерлер сөздігінде де жиі кездесіп отыратын дыбыстық үйлесім-аллитерация, ассонанс және өлең ұйқасымен келетін отыратын дыбыстық үйлесім-аллитерация, ассонанс және өлең ұйқасымен келеті тақпақша тізбектер-Ғабиден Мұстафин стилінің тағы бір ерекшелігі. (Алма)... менің көркем көңілім, күн түссе де күңгірт. Жылдар бойы жиналған тәжірибесі, мәпелеп өсірген колхозы адам аспас асқардай, одан аспақшы асқақ айға шапқан арыстандай.(М) Көп қой десе, қолқасыз да қоярмыз. Жерді жаратқан, қарды боатқан мен деп жүр ме? (Ш)

Ғ.Мұстафин шығармаларында поэзияға тән ұйқас та, ырғақ та, үндестілік те табылады. Ақ өлеңмен келетін сөйлемдер мынадай: Біз келгенше не болар?- деген күдіку,-барған соң іс оңалар-деген үміт терең ішті толтырған. Жүз мың сомдай ақша бар, ол Жәмиланың бойында. Талай-талай былық бар, ол Жәмиланың ойында.. (Суға) бекер құлаған екен онда. Құтқарса жігіт қайда қалған сонда. Кетерсіз тастап, қалармын көзден жас парлап. Сол жасты сүртетін, көңілге күзеу ететін сұраймын орамал қолқа салып... (М). Кіндік

кесіп кір жуған, асыр салып аунаған, сонда да көңіл тынбаған құба төбел ауылдан көркем, сірә, бар ма екен? (Қ).

Осы тәріздес ұйқасты сөйлем диалогпен де келеді.

-Иә, дәл маған айтқандай.

-Әркімнің-ақ көңілін тапқандай (М) Келтірілген мысалдарда жазушы дыбыс, буын үйлесімін ескерген. Бұл тәсіл жазушы тілін халықтың ауыз әдебиеті тілімен үндес етеді.

Ғ.Мұстафин шығармаларында метафора, метанимия, эпитет түрінде келетін жаңа тізбектер де бар. Мысалы: Көрікті, сымбатты, білімді, өмір жайлауына жаңа шыққан Жанат сырт көзге... төрт құбыласы сай көрінсе де, өзіне –өзі тым мазасыз (М). Бұнда Абайдың көңілдің жайлауынан ел кеткен бе деген тіркесінің үлгісімен өмір жайлауы деген ауыспалы мағыналы сонны тіркес жасаған.

Көңіл-теңіз, жан семіз.(М). Бұл да Абайдың жүрек-теңіз, қызықтың- бәрі асыл тас... деген тіркесінің үлгісімен құрастырылған.

Жанат қанша елемен десе де, уылжыған ұятқа қол сұғуын қоймайды жұрт (М). Мұнда да дәстүрлі қалыптағы тіркестің бір компонентін басқа сөзбен ауыстырып, жаңаша тіркес жасаған.

Жазушы осылайша фразеологизмдерді жаңғыртып, өңдеп құбылтып қолдану арқылы олардың контекстегі мәнерлегіш көркемдік қасиетін арттыра түседі. Олардың мағынасын өзгертеді, толықтырады, экспрессивті екінін, эмоциялық әсерін күшейте түседі. Сөйтіп, тілдік материалды творчестволық тұрғыда қолдану әдіс-тәсілі автордың өзіндік қалам тартысының даралық өрнектерінің көрінісін байқатады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Аханов К. Тіл білімінің негіздері.Алматы. 1993ж.
2. Айназарова Г. Қарақалпақ тилиндеги теңлес еки компонентли фразеологизмлер. Нөкис. 2005ж.
- 3.Аралбаев Қ., Адилова Г., Асанова Ж. Аймақтық лексика. Нөкис.2006ж.
- 4.Балақаев М. Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы. 1974ж.
5. Бердимуратов Е. Әдебий тилдиң функционаллық стильлериниң раўажланыўы. Нөкис. 1985
- 6.Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы.Алматы.1997ж.
- 7.Болғанбаев Ә. Дүйсебаева Д. Қазақ тілі (лексикология) Ташкент.2008ж.
8. Ешбаев Ж. Қарақалпақ тилиниң фразеологиялық сөзлиги. Нөкис 1988.
- 9.Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы.1977.
- 10.Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы. 1998ж.
- 11.Мусабаев Қазақ тілі тарихынан. Алматы. 1988ж.
- 12.Рахметуллаев Ш. Узбек тилининг изохли фразеологик луғоти. Тошкент. 1992.
- 13.Сәрсенбаев Р. Қазақ тілінің фразеологиясы. Алматы. 1972ж.
- 14.Хожахметова Ф. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы. Алматы.1977ж.